

2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысының облыстық бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 50/1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 6841 болып тіркелді.

Ескерту. 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімінің 17-тармағымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 8-бабы 2-тармағына, 75-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысының облыстық бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 357 489 413,8 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 29 802 639,5 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 1 848 035,5 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 325 838 738,8 мың теңге;

2) шығындар – 339 876 683,1 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 10 655 926 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 17 533 734,8 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 6 877 808,8 мың теңге;

4) қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо – 20 054 314,4 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 20 054 314,4 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -13 097 509,7 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 13 097 509,7 мың теңге:

қарыздар түсімі – 13 222 066,1 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 6 584 584,9 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 6 460 028,5 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 9.08.2021 № 6/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік

Қазақстан облыстық мәслихатының 14.09.2021 № 8/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); жана редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 20.10.2021 № 10/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.11.2021 № 11/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2021 жылға арналған облыстық бюджет кірістері Қазақстан Республикасы Бюджет кодексіне сәйкес мына салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы;

облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы;

жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;

орманды пайдаланғаны үшін төлем;

қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы.

3. 2021 жылға аудандар мен Петропавл қаласының бюджеттерінен облыстық бюджетке салықтардан түсетін түсімдердің жалпы сомасын бөлу мынадай мөлшерде белгіленсін:

мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары, Петропавл қаласы – 100 пайыз;

төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары, Петропавл қаласы – 100 пайыз;

төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша:

Петропавл қаласы – 100 пайыз;

төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары, Петропавл қаласы – 100 пайыз.

өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары, Петропавл қаласы – 100 пайыз.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 17.03.2021 № 3/2 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. 2021 жылға аудандар, Петропавл қаласы бюджеттеріне салықтан түсетін түсімдердің жалпы сомасын бөлу белгіленсін:

төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары – 100 пайыз;

әлеуметтік салық бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары, Петропавл қаласы – 100 пайыз;

5. Облыстық бюджеттің кірістері мынадай салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

облыстық әкімдіктің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысы бөлігінің түсімдері;

облыстық коммуналдық меншіктегі мүлікті жалға беруден түсетін түсімдер;

облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін түсімдер;

облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар.

6. Облыстық бюджет түсімдері мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеуден түсетін түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін.

7. Облыстық бюджеттен аудандар мен Петропавл қаласының бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялар 2021 жылға 47 150 037 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

Айыртау – 4 356 883 мың теңге;

Ақжар – 2 842 088 мың теңге;

Аққайың – 2 930 241 мың теңге;

Есіл – 3 616 588 мың теңге;

Жамбыл – 3 927 277 мың теңге;

Мағжан Жұмабаев – 4 024 183 мың теңге;

Қызылжар – 4 307 841 мың теңге;

Мамлют – 2 917 208 мың теңге;

Ғабит Мүсірепов атындағы – 4 335 159 мың теңге;

Тайынша – 4 387 990 мың теңге;
Тимирязев – 2 125 512 мың теңге;
Уәлиханов – 3 003 449 мың теңге;
Шал ақын – 2 976 100 мың теңге;
Петропавл қаласына – 1 399 518 мың теңге.

8. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің түсімдері ескерілсін, оның ішінде:

1) инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге;

2) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 22.11.2021 № 11/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша проценттік мөлшерлемені субсидиялауға;

4) ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға;

5) саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялауға;

6) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;

7) үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;

8) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;

9) кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге;

10) еңбек нарығын дамытуға;

11) мемлекеттік ұйымдар: стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелер, үйде қызмет көрсету, уақытша болу, жұмыспен қамту орталықтары қызметкерлерінің жалақысын арттыруға;

12) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

13) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне сабақтан тыс іс-шаралар өткізгені үшін қосымша ақы төлеуге;

14) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

15) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға;

- 16) ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;
- 17) ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;
- 18) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне сабақтан тыс іс-шаралар өткізгені үшін қосымша ақы төлеуге;
- 19) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының әдістемелік орталықтарының (кабинеттерінің) әдіскерлеріне магистр дәрежесі үшін қосымша ақы төлеуге;
- 20) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне сабақтан тыс іс-шаралар өткізгені үшін қосымша ақы төлеуге;
- 21) "Жас маман" жобасы шеңберінде колледждер үшін жабдықтар сатып алуға;
- 22) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;
- 23) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;
- 24) көп балалы және аз қамтылған отбасылардың балалары үшін жоғары білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру;
- 25) жергілікті деңгейде денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға;
- 26) қаржы лизингі шарттарымен сатып алынған санитариялық көлік бойынша лизинг төлемдерін өтеуге;
- 27) вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға;
- 28) саламатты өмір салтын насихаттауға;
- 29) жүре пайда болған иммундық тапшылық синдромының профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға;
- 30) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендия мөлшерін ұлғайтуға;
- 31) жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау саласындағы ұйымдары қызметкерлерінің жалақысын арттыруға;
- 32) мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге ;
- 33) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік орта және қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;
- 34) "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24

желтоқсандағы № 968 қаулысымен бекітілген "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы) шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беруге;

35) "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және басым жобаларды кредиттеу тетігі шеңберінде кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға және кепілдік беруге;

36) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға.

37) ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын арттыруға.

Көрсетілген республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу "2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облыстық бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

38) Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек күші артық өңірлерден қоныс аударушылар үшін тұрғын үй сатып алуға;

39) объектілерді күзету функцияларын бәсекелес ортаға беруге;

40) коронавируспен күрес шеңберінде эпидемияға қарсы іс-шараларға тартылған медицина қызметкерлеріне үстемақы төлеуге.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 17.03.2021 № 3/2 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; 28.06.2021 № 5/3 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.11.2021 № 11/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

9. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен ағымдағы нысаналы трансферттердің түсімі ескерілсін, оның ішінде:

1) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруа;

2) халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына және (немесе) аз қамтылған көпбалалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғынжайын сатып алуға;

3) ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын арттыруға;

4) арнаулы мекемелердің, айдауыл қызметінің, кезекші бөлімдердің және жедел басқару орталықтарының, кинологиялық бөлімшелердің қызметкерлеріне және учаскелік полиция инспекторларының көмекшілеріне тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін өтемақы төлеуге және тұрғын үй төлемдеріне;

5) ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға;

б) тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға;

7) мемлекеттік ұйымдар: стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелер, үйде қызмет көрсету, уақытша болу ұйымдары, халықты жұмыспен қамту орталықтары қызметкерлерінің жалақысын арттыруға;

8) археологиялық ескерткіштерді сақтауға;

9) жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау саласындағы ұйымдары қызметкерлерінің жалақысын арттыруға;

10) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік ұйымдардың медицина қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді ұлғайтуға;

11) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік орта және қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

12) "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беруге;

13) "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және Басым жобаларға кредит беру тетігі шеңберінде кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға және кепілдік беруге;

14) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға;

15) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз етуге және өткізуге.

Көрсетілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу "2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облыстық бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 28.06.2021 № 5/3 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. 2021 жылға арналған бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен нысаналы даму трансферттерінің түсімдері ескерілсін, оның ішінде:

1) "Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 - 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1054 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй-коммуналдық дамудың "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Тұрғын үй-коммуналдық дамудың "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы) шеңберінде коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғынжайын салуға және (немесе) реконструкциялауға;

2) Тұрғын үй-коммуналдық дамудың "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инженерлік-инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға;

3) Тұрғын үй-коммуналдық дамудың "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға;

4) Тұрғын үй-коммуналдық дамудың "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға;

5) "Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 990 қаулысымен бекітілген Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамытуға;

6) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға;

Көрсетілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы даму трансферттерін бөлу "2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облыстық бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

11. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін бюджеттік кредиттер ескерілсін, оның ішінде:

нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға;

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға;

облыс орталықтарында кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге.

Көрсетілген сомаларды бөлу "2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облыстық бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

11-1. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Петропавл қаласының бюджеттеріне нысаналы трансферттер қарастырылсын.

Көрсетілген трансферттерді бөлу "2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облыстық бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

Ескерту. Шешім 11-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 17.03.2021 № 3/2 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11-2. 5-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттен және республикалық бюджеттен 2020 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару есебінен 2021 жылға арналған облыстық бюджет шығыстары қарастырылсын.

Ескерту. Шешім 11-2-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 17.03.2021 № 3/2 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11-3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен 2021 жылға бюджеттік кредиттер бекітілсін, оның ішінде:

1) Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде кәсіпкерлік бастамаларды іске асыру үшін;

2) кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге.

Ескерту. Шешім 11-3-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 28.06.2021 № 5/3 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

12. Осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес 2021 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрге жатпайтыны белгіленсін.

13. Солтүстік Қазақстан облысы жергілікті атқарушы органының 2021 жылға арналған резерві 94 779,5 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 17.03.2021 № 3/2 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.09.2021 № 8/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.11.2021 № 11/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

14. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарға, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін көрсетілген мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер көзделсін.

15. Аудан бюджеттерінде ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсетуге шығыстар көзделсін.

16. Солтүстік Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органы борышының 2021 жылға арналған лимиті 77 328 849,1 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 22.11.2021 № 11/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

17. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихат сессиясының төрағасы*

А. Рафальский

*Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихатының хатшысы*

В. Бубенко

Солтүстік Қазақстан
облыстық мәслихаты
2020 жылғы 11 желтоқсандағы
№ 50/1 шешіміне
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 17.03.2021 № 3/2 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.05.2021 № 4/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен; 28.06.2021 № 5/3 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 9.08.2021 № 6/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.09.2021 № 8/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен; жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 14.09.2021 № 8/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.11.2021 № 11/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге	
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	357 489 413,8
1			Салықтық түсімдер	29 802 639,5
	01		Табыс салығы	27 350 897,5
		1	Корпоративтік табыс салығы	9 740 676,7
		2	Жеке табыс салығы	17 610 220,8
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	2 451 742
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2 451 742
2			Салықтық емес түсімдер	1 848 035,5
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	480 920,7
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	103 710
		5	Мемлекет меншігіндегі	58 601

				мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	
			7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	318 609,7
	04			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	539 161,6
			1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік	539 161,6

				мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
	06			Басқа да салықтық емес түсімдер	827 953,2
			1	Басқа да салықтық емес түсімдер	827 953,2
4				Трансферттердің түсімдері	325 838 738,8
	01			Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	49 444 899,8
			2	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер	49 444 899,8
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	276 393 839
			1	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер	276 393 839
Функционалдық топ			Атауы		
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Сомасы, мың теңге	
		Бағдарлама			
1	2	3	4	5	6
				2) Шығындар	339 876 683,1
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	6 513 955,9
				Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын	

	1			орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	4 482 889,8
		110		Облыс мәслихатының аппараты	63 683
			001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	63 683
		120		Облыс әкімінің аппараты	4 096 196,8
			001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 812 199,2
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	15 839,2
			007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	139 460,6
			009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	400 716
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	1 727 981,8
		263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	64 334

			075	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	64 334
		282		Облыстың тексеру комиссиясы	258 676
			001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	248 186
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	10 490
2				Қаржылық қызмет	440 516,1
		257		Облыстың қаржы басқармасы	360 980,1
			001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	349 547,1
			009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	3 038,8
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 394,2
				Облыстың мемлекеттік	

		718		сатып алу басқармасы	79 536
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	78 835
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	701
5				Жоспарлау және статистикалық қызмет	144 728,3
		727		Облыстың экономика басқармасы	144 728,3
			001	Экономикалық саясатты қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	132 628,3
			061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	12 100
9				Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	1 445 821,7
		269		Облыстың дін істері басқармасы	44 563

			001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	40 153
			005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	4 410
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	1 401 258,7
			061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	1 401 258,7
02				Қорғаныс	353 431,4
	1			Әскери мұқтаждар	91 624,4
		120		Облыс әкімінің аппараты	91 624,4
			010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	42 756,4
			011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс	48 868
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	261 807
		120		Облыс әкімінің аппараты	56 182
			012	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	49 682

			014	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	6 500
		287		Облыстық бюджеттен қаржыландырыл атын табиғи ж ә н е техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	205 625
			002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	200 000
			004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	5 625
03				Қоғамдық тәртіп , қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	7 744 485,2
	1			Құқық қорғау қызметі	7 744 485,2
		252		Облыстық бюджеттен қаржыландырыл атын атқарушы ішкі істер органы	7 744 485,2
				Облыс аумағында қоғамдық	

			001	тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 514 365,2
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	6 195
			006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 223 925
04				Білім беру	107 177 354,2
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	8 192 403,9
		261		Облыстың білім басқармасы	8 192 403,9
			081	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	6 044 771
			202	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	2 147 632,9
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	76 857 483,6
		261		Облыстың білім басқармасы	72 960 191
			003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	2 396 911
				Мамандандырылған білім беру ұйымдарында	

			006	дарынды балаларға жалпы білім беру	1 430 691
			055	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	2 077 190
			082	Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	55 499 822
			083	Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	42 236
			203	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	11 513 341
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	3 529 681,9
			006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	2 928 589,9
			007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	601 092
				Облыстың құрылыс, сәулет	

		288		және қала құрылысы басқармасы	367 610,7
			012	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	351 311,8
			069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	16 298,9
4				Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	13 206 215,5
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	260 935
			043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	183 057
			044	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқитындарға әлеуметтік қолдау көрсету	77 878
		261		Облыстың білім басқармасы	5 833 109
			024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	5 833 109

		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	7 112 171,5
			099	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	7 112 171,5
5				Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	1 153 631
		120		Облыс әкімінің аппараты	10 473
			019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	10 473
		261		Облыстың білім басқармасы	1 143 158
			052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	1 143 158
6				Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру	1 119 389,9
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	223 523,2

			057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	223 523,2
		261		Облыстың білім басқармасы	66 154,4
			057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	66 154,4
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	829 712,3
			082	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	829 712,3
9				Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	6 648 230,3
		261		Облыстың білім басқармасы	6 648 230,3
			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	518 463,8
			004	Мемлекеттік білім беру ұйымдарында	97 496

				білім беру жүйесін ақпараттандыру	
			005	Мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	942 258,9
			007	Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	55 426
			011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	501 176
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 490
			029	Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу	957 103,7
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	3 318 714,7
				Нұрсұлтан Назарбаев Қорының "ELUMITI"	

			080	таланттарын анықтау және қолдау бастамасын іске асыру	43 000
			086	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	3 064,8
			087	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	210 036,4
05				Денсаулық сақтау	6 506 944,5
	2			Халықтың денсаулығын қорғау	1 377 933,2
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	894 606
			006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	217 924
			007	Салауатты өмір салтын насихаттау	30 731
				Облыстардың жергілікті өкілдік	

			041	органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	314 003
			050	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	331 948
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	483 327,2
			038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	483 327,2
	3			Мамандандырылған медициналық көмек	930 937,3
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	930 937,3
			027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды	930 937,3

				орталықтандырылған сатып алу және сақтау	
5				Медициналық көмектің басқа түрлері	80 893
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	80 893
			029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	80 893
9				Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	4 117 181
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	4 117 181
			001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	204 411
			008	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	88 865
			016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	252
				Денсаулық сақтау	

			018	саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	45 756
			023	Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	220 105
			030	Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары	4 049,9
			033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	3 553 742,1
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	10 438 950,8
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	4 912 670,9
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	3 744 162
			002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы	803 345

				әлеуметтік қызметтер көрсету	
			012	Тірек-қозғалу аппаратының қызметі бұзылған балаларға арналған мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	84 372
			013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 394 232
				Оңалту орталықтарында қарттарға,	

			014	мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	85 514
			015	Балалар психоневрологи я л ы қ мединалық-әл еуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында , әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологи я л ы қ патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	376 699
		261		Облыстың білім басқармасы	1 168 508,9
			015	Ж е т і м балаларды, ата-анасының қамқорлығынсы з қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	817 086
			092	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	210 135,5
			095	Уақытша отбасына берілген шалғайдағы елді мекендерде тұратын мектеп	94 736,6

				жасындағы балаларды бағып-қағу	
			201	Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорынсыз қалған, отбасылық үлгідегі балалар үйлері мен асыраушы отбасыларындағы балаларды мемлекеттік қолдау	46 550,8
	2			Әлеуметтік көмек	4 312
		261		Облыстың білім басқармасы	4 312
			084	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау	4 312
	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	5 521 967,9
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	5 420 537,8

			001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	175 851
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	46 682,6
			018	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	83 967,6
			044	Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	3 523
			053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	20 020
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	114 255
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	4 976 238,6

		263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	19 213,1
			077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	19 213,1
		298		Облыстың мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы	82 217
			001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	71 252
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	10 965
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	20 356 265,7
	2			Коммуналдық шаруашылық	20 356 265,7
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	20 267 386,3
			001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	84 258

			032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	3 149 097
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	8 479 891,9
			114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	8 554 139,4
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	88 879,4
			030	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	88 879,4
08				Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық кеңістік	8 885 465,8
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	2 100 258,3
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	345 596,3
			027	Мәдениет объектілерін дамыту	345 596,3

		748		Облыстың мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы	1 754 662
			005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	224 853
			007	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	404 086
			008	Театр және музыка өнерін қолдау	1 125 723
	2			Спорт	3 723 129,7
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	3 491 857,2
			001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	89 443,8
			002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	86 745,3
			003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	3 216 062
				Мемлекеттік органның	

			005	күрделі шығыстары	920
